ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

14 маусым 2024 жыл №2713-24-00-2/1075 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Р.Есжанов
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Сырым колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Туякова Акжаркын Нурлановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚР АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Туякова Акжаркын Нурлановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Туякова Акжаркын Нурлановнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 14.06.2024
Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Есжанов С. Р., 30.07.2024
2713-24-3-1/1132

соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Есжанов С.Р.**

Құжатқа қол қойылған: Есжанов С. Р., 14.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.07.2024, судья Есжанов С. Р., 30.07.2024

2713-24-3-1/1132